

ZERDE

АЖЫРАМАС
ДУНИЕНІҢ АДАМЫ...

5-бет

ÁLEÝMET

МӘМС: ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА
ОҢ НӘТИЖЕСІН БЕРДІ

8-бет

RÝHANIAT

«БАСТАУ»:
ЖАҢА БУЫН КИНОСЫ

9-бет

JANSARAI

ЭСТРАДА – БАТЫСТЫҢ
МУЗЫКАЛЫҚ ЭКСПАНСИЯСЫ

10-бет

Ынтымақтастыққа жаңа серпін

Мемлекет басшысы Германия Канцлерімен келіссөз жүргізді



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ангела Меркель Германия Федеративтік Республикасының астанасы – Берлин қаласында келіссөз жүргізді, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Президентін ресми қарсы алу рәсімі Федералдық канцлердің ведомстволық ғимаратының алдында өтті. Қазақстанның, Германияның және Еуропалық одақтың тулары

көтеріліп, Бундесвердің бас оркестрі екі мемлекеттің әнұрандарын орындады.


Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ангела Меркель Құрмет қарауылын аралап шықты. Содан кейін екі елдің ресми

делегациясының құрамы таныстырылды.

Салтанатты рәсімнің соңында Қазақстан Президенті мен Германия Канцлері кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді.

Келіссөз барысында екіжақты байланыстарды жандандыруға және стратегиялық экономикалық серіктестік орнату перспективаларына баса мән берілді.

(Соңы 2-бетте)



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Федералдық Президентпен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайермен келіссөз жүргізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Берлинде ресми сапармен жүрген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайермен кездесті.

Сәлемдесу және суретке түсу рәсімінен кейін Мемлекеттер басшылары «Бельвю» мемлекеттік резиденциясына барды. Онда Қасым-Жомарт Тоқаев Құрметті қонақтар кітабына қолтаңбасын қалдырды.

Содан кейін екі елдің президенттері келіссөз жүргізіп, өзара қызығушылық

тудыратын ауқымды мәселелерді қарастырды. Қазақстан Президенті екі мемлекетті достық қарым-қатынастар байланыстыратынын атап өтіп, Еуропалық одаққа мүше елдер ішінде өзінің алғашқы ресми сапарын Германиядан бастағанын айтты.

Франк-Вальтер Штайнмайер аталған сапары үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, Қазақстан мен Германияның ынтымақтастығын одан әрі дамыту үшін жүргізілген келіссөздердің маңыздылығын атап өтті.



Екіжақты іскерлік байланыс нығаяды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның экс-канцлері Герхард Шрёдермен кездесті, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Германияға ресми сапары барысында ГФР-дің экс-канцлері Герхард Шрёдермен кездесті. Кездесу барысында Қазақстан мен Германия арасындағы ынтымақтастықтың аясын кеңейту және екі елдің іскерлік байланыстарын нығайту мүмкіндіктері талқыланды.

– Германия әлемде төртінші ірі экономика болып саналады. Алайда, біздің елге салынған инвестиция көлемі бойынша 12-орында. Қазақстанға инвестор ретінде келетін неміс кәсіпкерлеріне арнайы жеңілдіктер

жасауға ниеттіміз. Бізде арнайы экономикалық аймақтар бар. Сондықтан оларға ерекше жағдай жасаймыз, – деді Қ.Тоқаев.

Герхард Шрёдер Қазақстанның инвесторлар тартуға бағытталған шараларына оң баға беріп, экономиканың нақты секторындағы бірлескен бизнес-жобаларды жүзеге асыру жөнінде өз ұсынысын айтты. Белгілі саяси қайраткердің пікірінше, Қазақстан немістің ірі компанияларына ғана көңіл бөліп қоймай, Германияның шағын және орта бизнесінің әлеуетін де ескеруі қажет.

Ынтымақтастыққа жаңа серпін

Мемлекет басшысы Германия Канцлерімен келіссөз жүргізді

(Соңы. Басы 1-бетте)


Сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет салаларындағы өзара ықпалдастық мәселесі сөз болды.

Қазақстан Президенті мен Германия Канцлері өзара келіссөз жүргізгеннен кейін БАҚ өкілдері үшін бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.

Қазақстан Президенті Германия Канцлеріне қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, Меркель ханымның екі ел арасындағы достық байланыстарды нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын айтты. Мемлекет басшысы алдағы уақытта Қазақстан өзінің сыртқы саясатындағы сабақтастықты сақтап, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамаларын жалғастыра беретінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент ретінде Еуропа одағы бойынша алғашқы ресми сапарын Германиядан бастағанын айтып, Қазақстан үшін осы елмен ынтымақтастықты нығайтудың маңызы зор екеніне тоқталды. Сондай-ақ Мемлекет басшысы бұл сапардың басты мақсаты екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастық пен саяси ықпалдастыққа жаңа серпін беру екенін жеткізді.

– Германия экономикалық әлеуеті жағынан әлемдегі



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

төртінші мемлекет болғанымен, бізге тікелей инвестиция салып отырған елдердің ішінде 12-орында. Қазақстан әртүрлі саладағы 700-ден астам жобаны жекешелендіретін болады. Бұл неміс инвесторлары мен компанияларына жақсы мүмкіндік туғызады деп санаймын. Неғұрлым инвестиция көп тартылса, соғұрлым екі ел үшін де тиімді болмақ, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Германия инвесторлары үшін арнайы жеңілдіктер ұсынып отырғанын, бұл екі тарапқа да өте тиімді болатынын айтты.

Баспасөз мәслихаты

барысында журналистер Германияға экспортталатын тауар көлемінің соңғы 8 айда 21,4%, яғни 2,258 миллиард еуроға төмендеп кеткенін, сарапшылар мұның себебін мұнай нарығындағы жағдаймен байланыстырып отырғанын сұрады.

– Расында, мұндай үрдіс бар. Бүгінгі сапарымның басты мақсаты – осы жағдайды мейлінше өзгерту. Сондықтан келіссөздер барысында Канцлер ханымға бірнеше нақты ұсыныстарымды жеткіздім, – деп жауап берді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысына дуалды білім беру саласына қатысты екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі

жағдайы мен перспективасына байланысты да сұрақ қойылды.

– Дуалды білім беру жүйесінде неміс тәжірибесін қолданып келеміз. Алдағы уақытта білім беру саласында ынтымақтастықты жалғастыра береміз, – деді Президент.

Германия Федеративтік Республикасының Канцлері Ангела Меркель Қазақстанмен арада берік ынтымақтастықтың орнағанын, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен өзара түсіністікте жұмыс істегенін атап өтіп, Қ.Тоқаевтың екі ел арасындағы ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді, сондай-ақ бүгінгі келіссөздердің нәтижелі өткенін айтты.